

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Алматы қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Алматы қаласы Наурызбай ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 237 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне көзделген бекітілген штат санының лимиті шегінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Алматы қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Алматы қаласы Наурызбай ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан **әрі - мекеме** құрылсын).

2. Мекемені қаржыландыру 2015 - 2017 жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі заңнамада белгіленген **тәртіппен**:

1) мекеменің Ережесін бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін **қамтамасыз етсін**;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат) мынадай **толықтыру** **енгізілсін**:

көрсетілген қауымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі **туралы ережеде:**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің **тізбесі:**

мынадай мазмұндағы 222-1-жолмен толықтырылсын:

«222-1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Алматы қаласы Наурызбай ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы.».

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

K. Мәсімов

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК